

	<p>Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК/ КГП на ПХВ «Жамбылский высший медицинский колледж» управления здравоохранения акимата Жамбылской области</p>	<p>Мамандармен қамтамасыз ету, есепке алу және бөлу бойынша ережелер, нұсқаулықтар/ Положения, инструкции по вопросам комплектования, учета и распределения кадров</p>	<p>КБ-СМЖ/ ОК-СМК 02-02</p>
---	---	--	-------------------------------------

БЕКІТЕМІН
 «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК директоры
 Сарыбекова Ж.Н.
 " 01 " 2020 ж.



**«Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК
 персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) туралы ереже**
1. Жалпы ереже

1. Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, уәкілетті органның актілерін және осы Ережені басшылыққа алады.

**2. Персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің)
 негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

2. Персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) міндеті - персоналды басқарудың тұтас жүйесін қалыптастыру.

Функциялары:

- 1) персоналды басқару стратегиясын әзірлеу және іске асыру;
- 2) кадрларға, оның ішінде мамандықтар және біліктіліктер бойынша қажеттілігін талдау және жоспарлау;
- 3) кадр құрамын қалыптастыру;
- 4) кадр мониторингі және кадрлық іс жүргізу;
- 5) кадрларының кәсіби дамуын, оның ішінде тағлымдамалардан, даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру жолымен қамтамасыз ету;
- 6) кадрларды іріктеуді ұйымдастыру, құжаттарды рәсімдеу, қызметкерлердің дербес деректерін есепке алуды жүзеге асыру.

3. Персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) міндеті – ұйымда ұжымдық мәдениетті қалыптастыру және қолайлы әлеуметтік-психологиялық еңбек ахуалын дамыту.

Функциялары:

1) ұйымда еңбек заңнамасының орындалуын, сонымен қатар еңбек режимі мен жағдайларының сақталуын қамтамасыз ету;

2) қызметкерлердің әлеуметтік және құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету.

4. Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) Қазақстан Республикасының заңнамамен айқындалатын персоналды басқару бойынша өзге де міндеттер мен функцияларды іске асырады.

Персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) оның қызметіне тән емес қосымша міндеттер мен функциялар жүктелмейді.

5. Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) Заңға, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің, уәкілетті органның актілеріне сәйкес өзінің міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін қажетті өкілеттіктерді иеленеді.

6. Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі):

1) оған Заңмен және осы Ережемен жүктелген міндеттері мен функцияларын орындау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды басқа құрылымдық бөлімшелерінен сұратады және алады;

2) уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасайды.

7. Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) басқа құрылымдық бөлімшелерінен ұйымдастырушылық жағынан дербес және ұйым басшысына тікелей бағынады.